

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Мамыр айы, II-апта (03.05-07.05.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Әрқашан күн сөнбесін"

Апталық тақырып: "Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз"

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту, адамгершілік қасиеттерін анықтау. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді, достық сезімдерге тәрбиелеу

Міндеті: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Күн тәртібі	Уақыты	Сейсенбі 04.05.2021ж.	Сәрсенбі 05.05.2021ж.	Бейсенбі 06.05.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.		
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<p>Дидактикалық ойын:"Вагондарға дөңгелек таңдау"</p> <p>Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Саусақ ойыны: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Пішіндерді тап</p> <p>Мақсаты:Балалардың пішіндерді ажырата білу, түстерді танып, есте сақтау қабілетін арттыру.</p>
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені		
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.		

<p>Ұйымдастырылған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>8.40-9.15</p>	<p>Қимылдық ойын: «Гүлдер тереміз». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, алғырлыққа баулу.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты:Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-10.20</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқпен топ-топ» Мақсаты: Дене бітімін тік ұстауды сақтап, гимнастикалық орындық бойымен жүруді үйретуді жалғастыру. 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан – көлденең салмадан дұрыс ұстап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсе білу. Әдіс-тәсілі: көрсету,айту түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар:дене формасы,дене қыздыруға арналған жаттығулар,көңілді әуен. 3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» (М. Дауылбаев) Мақсаты: Балаларға ән айтуды үйрету арқылы әуен ырғағын тыңдап, ән мәтініне сәйкес еркін қимылдауларын қадағалау.</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы:«Біз шапшанбыз» Мақсаты: Шынығудың пайдасын түсіндіру. Өзінің әрекетін басқалармен үйлестіріп, педагогтың тапсырмасын орындауды үйретуді жалғастыру. Белгі бойынша қимыл бағыттарын өзгерту, сапта жеңіл және ырғақпен қозғала білуді бекіту. Әдіс-тәсілі: көрсету,айту түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар:дене формасы,дене қыздыруға арналған жаттығулар,көңілді әуен. 2. "Қатынас". Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үй гүлі» О. Асқар Мақсаты: Өлеңді зейін қойып тыңдауды үйрету. Өлеңде айтылғандай гүлді отырғызып, балаларға тәжірибе жасату. Гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Шар мен доп» Мақсаты: Балалардың екі затты салыстыра отырып, дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырату, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтату, түрлі – түсті қарындашты пайдалана отырып, сурет салуға, бояуға үйрету, қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді» Мақсаты: 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан – көлденең салмадан дұрыс ұстап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсе білу. Белгі бойынша қимыл бағыттарын өзгерту, сапта жеңіл және ырғақпен қозғала білуді бекіту. Әдіс-тәсілі: көрсету,айту түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар:дене формасы,дене қыздыруға арналған жаттығулар,көңілді әуен. 1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы су патшалығы» Мақсаты: Аквариумдағы балықтар туралы балалардың түсінігін анықтау және кеңейту. Бақылай білуін дамыту, бақылаудан алған әсерлерімен бөлісу. Барлық тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: айту,түсіндіру,көрсету, суретпен жұмыс,сұрақ-жауап,сергіту, қортынды ,мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.</p>

			<p>Әдіс-тәсілі: айту, түсіндіру, көрсету, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту, қортынды, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер, түрлі-түсті карандаштар.</p>	
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.		
Серуен	10.40-12.00	<p>1. Аспанды бақылау. Мақсаты: Ашық болса, көгілдір, күн ашық. Бұлт жапқан болса, аспан көңілсіз, сұр болып тұрады 2. Еңбек: Ойын алаңын реттеу. 3. Қимылды ойын: "Қасқыр мен қоян" 4. Жеке жұмыс: Айзере мен Айбибіге аттарын айтқызып үйрету. 5. Еркін ойындар</p>	<p>1 Құстарды бақылау. Мақсаты: құстар туралы түсініктерін кеңейту. 2. Еңбек: Құстарға жем беру. 3. Қимылды ойын: "Поезд" 4. Жеке жұмыс: Мадина мен Аружаннан пішіндерді сұрау 5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Жүк көлігін бақылау. Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге үйрету. 2. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. 3. Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" 4. Жеке жұмыс: Ақылбекке сөйлем сөздерін айтқызу 5. Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.		
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.		
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау		
		. "Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Балаларға жатып, "Әлди, әлди" әуенін арқылы ұйықтату.	жәйлі тыңдату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.		
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.		
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар	16.10-16.30	<p>«Үйшік» ертегісі Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу.</p> <p>Айназ бен Аянаға заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты:Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету,сөздік қорларын молайту</p> <p>Ақылбекке сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Көп және біреу." Мақсаты:көп және біреу қатынастарын білуге,заттардың тең,тең емес топтарын салыстыруға үйрету</p> <p>Мадина мен Аружанға пішіндерді салыстыруға, аттарын айтып ажыратуға дағдыландыру</p>
Серуенге дайындық	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.		
Серуен	16.50-17.50	<p>Күннің батып жатқанын бақылау Қимылды ойын: "Қасқыр мен қоян" Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету. Еркін ойындар</p>	<p>Көліктерді бақылау Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты:,Балаларды кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Қимылды ойын: "Аю апанында" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.		

Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруін ескертіп айту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.
--------------------------------	-------------	--	---	-----------------------------------